

Роль подтекста в описании категории одиночества (на основе произведения Акберена Елгезека)

Г.С.Бөкен

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматривается процесс развития экзистенциализма в казахской литературе. Выделены выводы зарубежных психологов Реана, У.Дженсена, которые согласуются с научными взглядами литературоведа Г.Пиралиевой на проблему одиночества в жанре поэзии и прозы. Рассматривая классификацию категории одиночества в психологической науке, анализируется авторское одиночество в рассказе поэта А. Елгезека «Детство, которого не было» путем цитирования конкретных фрагментов из произведения. Категория одиночества в стихах А.Елгезека рассматривается на материале стихотворений «Мама», «Риторикалық сұрақ», «Кәрі бала», «Сұрамасын», «Түнгі құлазу».

Ключевые слова: одиночество, экзистенциализм, авторская личность, язык поэзии, любовь

Материал поступил в редакцию журнала 26.06.2023

The role of subtext in describing the category of loneliness (based on the work of Akberen Elgezek)

G.S.Boken

Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article discusses the process of existentialism development in Kazakh literature. The article highlights the ideas of foreign psychologists Rean and W.Jensen, consistent with the scientific views of the literary critic G.Piralieva on the problem of loneliness in the genre of poetry and prose. Considering the classification of loneliness category in psychological science, the researchers analyze the author's loneliness in the story of A. Elgezek "The Childhood That didn't exist" by quoting specific fragments from the work. The category of loneliness in the poems of A. Elgezek is considered on the material of the poems "Mother", "Pathriotic issue", "Old boy" ("Кәрі бала"), "Don't ask" ("Сұрамасын"), "Nightfall" ("Түнгі құлазу").

Keywords: loneliness, existentialism, author's personality, language of poetry, love

Received: 26.06.2023

FTAMP 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp61-70](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp61-70)

Г.Т. Тлеубердина¹, Қ.И. Тастемір², Б.С. Рахымов³, Г.Т.Батыргалиева⁴

¹ф.ғ.к., қауымд. профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ, 020000, Қазақстан Республикасы, orcid.org/0000-0002-0574-643X E-mail: gulentleuberdina@inbox.ru.

²магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ, 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: Issaevna01@mail.ru.

³ф.ғ.к, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы, 040000, Қазақстан Республикасы.

⁴п.ғ.м., №3 Шортанды орта мектебі, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0001-6674-5907> E-mail: gbatyrgaliyeva@gmail.com

ҚАЗІРГІ АЙТЫС МАҚАМЫ (Б.ӘЛІМЖАНОВ АЙТЫСТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада қазіргі айтыс өкілдерінің көрнекті өкілі, ақын, сазгер, драматург, манасшы Б.Әлімжановтың айтыстағы ақынның өзіне тән мақамы, әні мен ажары, көркі мен келісімі, ырғақ үні мен дыбыс үйлесімі, ұйқас өрімі мен интонациялық өрнегін танытуға бағытталған. Мақаланың мақсаты қазіргі айтыстың тіл табиғатын, сөздер қорын, өлең әуезделігін, сөз үйлесімдігін зерттеу. Сонымен қатар айтыстың экспрессивтік – мағыналық мәнін анықтау болып отыр. Қазіргі айтыстың белді өкілі Б.Әлімжанов айтыстары негізінде халық ақындарының өлең сөзді кеңірек толғап айтып, сөзге қанат бітіріп, ырғақтық және интонациялық жағынан құлпырту мәнері сипатталған. Мақала ҚР ҒжЖБ министрлігінің 2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты жобасы аясында жазылған.

Кілт сөздер: айтыс, ақын, өлең, ырғақ, буын, мақам, ұйқас, Әлімжанов, типология, поэтика.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Айтыс – сан қырлы, күрделі құбылыс. Поэзияның көркемдік табиғаты, әсіресе, тілі полифониялық, полисемантикалық, символикалық, метафоралық, музыкалық сипаттарға ие. Тексттің сөздік, образдық жүйесі, мәнерлегіш-суреттегіш құралдары айтыскердің ақындық қабілетіне, мәнерлегіш-суреттегіш құралдары айтыскердің ақындық қабілетіне, музыкалық дарынына, ассоциация еркіндігіне бағынады. Оның үстіне, тарихи сабақтастық тұрғыдан зерттегенде, жалпы фольклорлық өрнектерді, экспрессивтік-мәнерлілік бояуларды, ертедегі желісі, арқауы үзілмей келе жатқан халықтық дәстүрлердің негізінде туған нышан-белгілері бай образ-символдарды, сондай-ақ сөздік бейнелеулерді тауып, ұйқас өрімін шеберлікпен пайдаланады.

КІРІСПЕ

Айтыс қазақ халқының көркемдік ойлау қабілеті дамуының шырқау биігін көрсетпегенмен, соңғы ширек ғасырда жандана, гүлдене бастаған өнердің жедел көркейіп өскендігін көрсетеді. Оған сөздердің эмоциялық әсерлілігі, сөз тіркестерінің сонылығы, жаңаша қиысуы, жарасымды ұйқастар, серпінді, ағынды, жымдаса байланысқан тармақтар, кеңістікте құстай ұшқан көркем образдар, тілдің өміршеңдік рухы мысал бола алады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Айтыстың гармонияға құрылуы бір жағынан, тіл табиғатына, дәлме-дәл үйлесетін сөздер қорына, фонологиялық жағынан жетілгендігіне байланысты болса, екіншіден, есту қабілетінің күштілігі, музыкалық бейімі өлең әуезділігін, сөз үйлесімдігін арттыруда. Б.Әлімжановта әншілік қасиет, орындаушылық қабілет, сазгерлік бейімділік, сан қырлы икемділіктер бар. Осындай қасиеттер өлеңнің мазмұны мен формасына жылуы мен жарығын тегіс таратып, мол төгеді. Өлеңнің музыкалық дыбыстарға, сұлу ұйқасымдарға, әуезді ырғаққа құрылуы – ақындық болмыстың ішіндегі әншілік, орындаушылық өнерімен сабақтас. Орындаушылық шеберлікті айтқанда, әсіресе ақынның сәнді қимыл-қозғалыстары, от шашқан көздері, кей кезде қасты қозғап, кірпігін қағып-қағып жіберуі, бет бұлшық еттерінің, реңінің жан толғанысына орай өзгеруі, бас, аяқ, қолдың, бүкіл дененің көңіл-күйіне, сөз бейімімен, әуен ырғағымен үндесе аса бір сәндікпен қозғалуы, үкілі домбырасын ырғап немесе аспанға атып, қағып қалуы – осының бәрі де жырдың толқынды ырғағына бағынады.

НӘТИЖЕЛЕР

Айтыстың экспрессивтік-мағыналық мәні терең, әсерлі дыбысталуы, үн-сыр аңғаруға икемдік пен сөзді тәртіпке, жүйеге түсірудің өзі ақындық сезімге интуицияға байланысты. Халық ақындарына өлең сөзді кеңірек толғап айтуға, созып айтуға, әндетуге, дауысты соншалықты еркін, ашық шығуына мүмкіндік беретін дауысты дыбыстар бар. "Өлең сөздің негізі – дауысты дыбыстар музыкалыққа, мелодикаға, шырқап айтуға ыңғайлы болады" [1, 114]. Дыбыс ұнасымы сөзге қанат бітіреді, ырғақтық, интонациялық жағынан құлпыртып жандандырады. Б.Әлімжановтың Аманжол Әлтаевпен айтысындағы:

Ағайын, туыс құлақ сал,
Ат терлетіп алыстан
Көкшетаудан бес жігіт
Келіп қалдық мінеки.
Ұлы Сәкен тойына.
Сұлулықтың тойы деп,
Ұлылықтың тойы деп,
Жаңаарқаға кеп тұрмыз,
Балуандардың жері деп,
Әншілердің елі деп,
Бұл Жаңаарқа қазақтың,
Қайыспайтын белі деп,
Жаңаарқаңыз тұрғанда,
Сәкендейін асылдың,
Басқа жерде тіпті де,
Туатұғын жөні жоқ [2, 271], –

деген шумағын алайық. Буындық құрамы тұрғысынан алғанда тармақтары біркелкі түзілген, ұйқастық кезектесуінде де жүйе бар. Толқынды сипатқа ие. Ырғағы да ширақ, сазды, фольклорлық-поэзиялық жүйенің сөзді қолдануда қалыптасқан эстетикалық заңдылықтарына бағынған. Ақындық ой-сезім маржандай тізілген сөздер арқылы беріліп, музыкалық дыбыстармен түрленіп, ырғақты толқынданып, ұйқаспен, алуан түрмен, өрнекпен кестеленіп, сан қырлы үнмен құлпырып, қыруар көркемдік мәнерлеуші құралдармен жетіліп, баршасы бір арнада тоғысқан.

Б.Әлімжановтың айтыстағы мақамының табиғатын танып білу үшін алдымен ырғақ, буын, бунақ сияқты мәселелерге үңілу қажет. Л.Тимофеев ырғақ бір-біріне сәйкес сөз бөлшектерінің алмасып отыруына үйлесімді келіп, ұқсастық табуына иек артады және бұл мөлшерлес, сайма-сай бөлшектер сол тілдің материалдарына байланысты болады деп ой түйеді [3, 156 -157]. И.Фонадтың айтуынша, эстетикалық информацияны қара сөздің ырғағынан гөрі өлең сөздің ырғағы мол әкеледі [4,18]. Мағына, дыбыс, сөз қайталаулар, сондай-ақ интонациялық тәсілдер ырғаққа айналуға қабілетті. Жалпы алғанда, ырғақ силлабикалық өлең жүйесінде буын тәртібіне, тоникалық өлең құрылысында екпінге, метрикалық өлеңде созымды және созымсыз буындарға бағынып отырады. Ал ырғақтың өзі уақыт пен кеңістікке, еңбек қимылы мен адамның психофизиологиялық табиғатына, тіл мен музыкаға қатысты поэтикалық тәсіл.

Ақын 1991 жылы Исатай Таймановтың 200, Әбубәкір Кердерінің 130, майдангер ақын Әкімәлі Қаржауовтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста қарсыласы Жамбыл облысының Ербол Қанбатыровақынымен сынға түсіп, өз мұратына орай бірыңғай, мөлшерлес сөз тіркестерін асқан шеберлікпен сұрыптап, ой сүзгісінен сүзіп, әрі ырғақты, әрі қисынды өлең тудырып, өлеңнің толқындық қасиетіне бейімдеген.

Мәселен:

Мінеки, мен соларды ерсін деймін,
Елі де соған сеніп, ерсін деймін,
Ал інім сөзді енді ары жалғап,

Ағасын тағы сынап көрсін деймін! [2, 75].

Тармақ соңындағы дыбыс үндестіктерінің сайма-сай келушілігі, біркелкі бөлшектерге бөлінгендігі және синтаксистік ықшамдылық ырғақ жарасымдылығын тудырған. Бұлар өлеңнің техникалық жүрдектігін күшейткен. Ұйқасу, қиысу және дыбыс үндестіктері ырғақ желісін тудырған. "Ырғақ күші сөзді музыкалық толқындардың жотасына жоғарлатады және мұндай сөз негізгі нысанаға садақтың жебесіндей тура ұшады, әрі үн келісімін күшейтеді" [5, 52], – дейді А.Блок. Себебі ырғақ сөзге шырай беріп, оған ұшқыр қанат байлап, мейлінше нұрлы сипаттарға иелендіреді. Ырғақ жөніндегі теориялық топшылауларға қарағанда, бір саздылыққа, үйлесімдікке негізделген жүйелі ырғақ (дәстүрлі ырғақ) және аса жоғары үндерге байланысты туатын ырғақ бар. Соңғысы алдыңғыға қарағанда өте беріде туған. Әуенге құрылған ырғақтың төркіні, туу шағы сонау көне дәуірде адамзат баласының сәбилік шағында екені белгілі. Сонымен бұл қай халықта болсын бар.

Негізінен алғанда, Б.Әлімжановтың шығармашылығына әуендік ырғақ және алуан түрлі айнымалы ырғақтар тән. Бірақ біздің нысанамыз айтыс болғандықтан әуендік ырғақ жөнінде кеңінен тоқталып жатырмыз. Себебі, әуендік ырғақ өлеңді суырып салып айту өнерімен, онымен қатарлас жүретін халықтың музыкалық шығармашылығымен сабақтас құбылыс.

Б.Әлімжановтың әуендік ырғағы негізінен қайталаулардан тұрады. Мысал ретінде ақын айтысының ырғақтарына мән берсек:

3 4 4
Абылай / орда тіккен/ жерден **келдім**, /11
4 3 4

Бұқар жырау/ сап кеткен/ жолмен **келдім**, /11
3 4 4

Әлекең/ зерттеп жазған /бар еңбегін/ 11
4 3 4

Шоқандай/ дарын шыққан/ елден **келдім**./ 11[2, 388] –
немесе:
3 4 4
Бұл бала / ақындықты / сездіріп **тұр**,/ 11
3 4 4

Құдайым / екеумізді/ кездіріп **тұр**,/11
4 3 4

Неше түрлі/ сұмдықтың/ насихаты,/11
3 4 4

Жастарды/ өз тілінен/ бездіріп **тұр**/11[2, 397]

тағы да:
3 4 5
Көңілім/менің қабыл / алар ма **екен**,/ 12
3 4 5

Бір думан/ тағы бізде/ болар ма **екен**./ 12
3 4 4

Жүз елу/ жыл өткен соң/ Айтақынды/11
3 4 8

Ұрпағы/ Қожабайдай/ есіне алар ма **екен**./ 15
3 4 4

Есіне /Айтқаныңды/ ала қалса,/ 11
4 5 4

Бұның бар ғой/ тауға апарып /басын емес./ 13
3 4 5

Шіркін –ай,/ екі аяғын/ салар ма **екен**?! / 12 [2,62]–

тағы да:

3 4 4
 Айтыста/ талайларды /жеңген **інім**, /11
 3 4 4
 Өлеңді/ қамшыдай ғып/ өрген **інім**,/ 11
 3 3 4
 Шет елге/ экспортқа/ шығып кетіп,/ 10
 3 4 4
 Көкшеге/ импорт болып/ келген **інім**,/11
 3 4 4
 Мен бүгін/ не десең де/ көнем **інім**,/11
 3 4 5
 Кіші боп/ соңымнан тек/ ере ме **інім**,/12
 3 4 4
 Ал енді /жолда елге /сәлемінді,/11
 3 4 4
 Осымен/ кезегінді/ берем **інім**.11 [2,32].

Келтірілген үзінділердегі бірінші мысалда ақын *келдім* сөзін кезекті қайталау арқылы қарсылас ақын Алматы облысының Бақыт Құтпанбаевпен амандасып жатса, келесі үзіндіде ақын *тұр* сөзін қайталау арқылы жастардың өзге тілде сөйлеулерін өткір сынайды. Айтыстың шумағы төрт тармақты, үш бунақты, он бір буынға құрылған. Келесі мысалдарда ақынның айтыс кезіндегі үзінділері алынды. Бұл жолы ақынның бір шумағы жеті, сегіз тармақтан, әр тармағы үш бунақты, он екі, он бір, он үш, он екі, он бес, он буынға құрылған. сегіз тармақтан әр тармағы үш бунақтан құрылған. Бірақ бунақтардағы буын саны әр түрлі. А.В.Рудиевтің топшылауына қарағанда, тек қана ырғақ жүйесі сөз бен әнді жақындастырып қоймайды, сонымен қатар оның барлық құрылыс-қалпы, поэзиялық құралдар жүйесі өлең тынысын айқындайды [6, 241]. Б.Әлімжанов суырыпсалма ақын болса да, өлең құрылысын қалай құбылтса да, өлең өлшемін, тармақ ұзындықтарының мөлшерлі шегін жоғалтпайды. Өлбетте ақынның болмысы мен бітімі кең құлашты, зор денелі тұлғалығымен қатар, кең диапазонды, қоңыр дауысты арқалық мақамы тек өзіне ғана тән.

Жоғарыда біз Б.Әлімжановтың сөз жарыстары кезінде ұтымды, әрі мол пайдаланған эпифоралық қайталалаулар жөнінде айтқан болатынбыз. Сонымен қатар ақынның айтыстарында оның мақамын ерекшелейтін дыбыстық қайталаулар З.Қабдоловтың классификациясы бойынша жай қайталауларда көп кездеседі [7, 235].

Ақынның айтыстағы сөз жарыстарынан дыбыс қайталауларына мысал келтіріп көрейік:

- а) Қадамы бұл інімнің жаман болмас,11
 Жолға тастап кетеді жаман жолдас,11
 Жетісудан келіп отқан бұл інісін, 12
 Жасқаса бұл жалғанда Баян да оңбас.11 [2,395] –

немесе:

- ә) Атанып қазағымның Қонысбайы,11
 Атағы шетелге де барған құрдас.11
 Ал енді Ерейменде осы айтыста,12
 «Абаштың жездесі» атын алған құрдас. 12[2, 51.]. –

тағы да:

- б) Бұл сөзді қалай-қалай ақтарғандық,11
 Білмеймін, әлде бөлкім ақталғандық,11

Бұл жайлы беу, ағайын, көп айтпайын,11
Әйтпесе болып жүрер мақтанғандық,11

Сөзімді менің Айташ ұғармысың,11
Қасымда іні болып тұрармысың,11
Қайтарып малшылардың бар еңбегін,11
Қырандай асқақ болып тұрармысың. 11[2,68]. –

және:

- г) Демеймін біздер босқа түтіндейік,11
Әбдешжан, жаман сөзбен күтінбейік 11
Әзіл гой, жарым-жарты екі қарттың,11
Көңілін күлкіменен бүтіндейік!11

Анаңды мен құрметтеп ана көрдім,11
Алдында ойға-қырға шаба бергін,11
Әкеннің орнын ұстап анашыңыз!11
Әлпештеп анаңызды баға бергін! [2,213]. –

және:

- д) Өлеңді өлшеп, ойлап пішкендейсің,11
Өзіңше бәрін өлшеп кескендейсің,11
Шырағым, түрі жаман бақырасың,11
Қолына КГБ-ның түскендейсің. 8 [2, 151].

- е) Ордалы он сан қалмақтың, 8
Ортасын ойып бір өзі, 7
Ойранды салып ұрандап, 8
Олжабай батыр шапқан жер. 8 [2, 389].

Келтірілген үзінділерден ақын айтыс үстінде дыбыстарды ойната, ойлата сөйлете беруге шебер. Аллитерация мен ассонансты Б.Әлімжанов мейлінше көп қолданады. Келтірілген мысалдарда ақынның сөз жарысының бір шумағы төрт тармақтан құрылған. Әр тармағында 3-2 бунақтан келіп, буын саны 11-12, 7-8 -ді құрайды. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды сөз басында қайталау арқылы ақын айтайын деген ойын көркем, әрі шебер, келісті кескіндейді.

Б.Әлімжанов айтыстарында дыбыстық қайталаулардың горизонтальды түрі көп екенін байқадық. Сонымен қатар ақынның айтыстарынан анафоралық қайталауларды кездестіреміз.

Мәселен:

Жағдайы бар апамның,
Жеті жігіт жабылса,
Жалғыз қолмен сыққандай,
Жеті кесе жүң-жүнді
Жеті секунд ішінде,
Қылқ еткізіп жұтқандай[2, 181].

Айналайын Бақытым,
Жер жаннаты Жетісу,
Жұмақ жерден кеп тұрсың,
Жұмақ жерден келсең де

.....
Әлекең мен Олжастай,

Екі бірдей арыстан,
Екі бірдей данышпан,
 Әлемге мәлім ұлдарды,
 Қатарластырып тапқан жер.

.....
 Академик есебін
Біреуі айтад жиырма бес,
Біреуі айтад елу төрт,
Біреуі айтад жүз елу,
 Осылайша мінекей [2, 389].

тағы да: Апамыз төгіп-төгіп сайрайды ғой,
 Бұл дағы елдің жайын ойлайды ғой.
Өзбектер қанша ұрсады десең дағы,
Өзбек боп жазылуға болмайды ғой!
Өзбекті қазақ халқы құрметтейді,
 Әр кезде бірге туған өз ағам деп! [2,160].

немесе:
Ауылды жылатсақ біз жөн болмайды,
Ауылсыз сірә қазақ ел болмайды,
Ауылдың айлықтарын көбейтсеңіз.
 Жалғанда сенен асқан ер болмайды. [2,200].

Ер Баян жалын болып жанған алмас.
Баянсыз Абылайдың жолы болмас,
Баянсыз Абылайда жол болмаса
Баянсыз бұл айтыстың сәні болмас. [2,379].

«Өзінің», «Жеті», «Жұмақ жерден», «Біреу айтад», «Екі бірдей», «Өзбек», «Ауыл», «Баянсыз» деген анафоралық қайталаулар арқылы ақынның айтыстағы сөздерінің әуезді әрі экспрессивтік-эмоционалды ырғағын кеңейте түседі. Ақын айтыстарындағы сан алуан поэзиялық қайталаулар (дыбыстық, ырғақтық, анафоралық, эпифоралық), сөзді шебер тізіп қиыстырудан туған өрнектеулер, біріншіден айтыстың эмоциялық-образдық күшін, көркемдік мазмұнын, сөз энергиясын арттырып, симметриялық пропорцияға, музыкалық үндестіктерге ақынның өзіне тән ырғақ мақамына алып келеді.

Тармақ соңындағы сөз жиегінің дыбысталуында ажыратқыштық, жіктеушілік қызмет бар. Сонымен ұйқасушы мүше тармақтық аяқталу жасайды. Бұдан кейін келетін тармақтық аяқталуға дейінгі аралық алдыңғымен үйлесіп, өлшемдес келіп отырса, бірін-бірі қайталап, теңесіп сәйкессе, нағыз ырғақтың өзіне айналады. Ұйқас мінезінің ырғақ құбылысымен шендесуі осыдан келіп шығады.

Мысалы:

3	4	4	
Біз мына/ тыңнан кейін /туғандармыз,/ 11 а			
3	4	4	
Шаламыз, /бәріміз де /будандармыз,/ 11 а			
3	4	4	
Темірін/ терең салып/ тың түрені,/ 11 б			
3	4	4	қара өлең
Тамырдан/бәріміз де/ туралғанбыз,/ 11 а			
1	4	4	ұйқасы

КППС-тің /көсемдерін /құдай санап,/ 9	в	
3	4	4
Жас кезден/ бәріміз де /уланғанбыз,/ 11	а	шалыс
3	4	ұйқас
Бүгінде/ сенгеніміз/ адыра қап,/ 11	в	
3	5	4
Азаттық/ жол таба алмай/ тұрғандармыз,/ 12	а	
3	4	4
Ақыры/ қалың елмен/ жолды тауып/ 11	в	
3	4	4
Алланың /жолына бет /бұрғандармыз!/ 11 а [2, 102],		

Жоғарыда келтірген үзіндіден өлең тілінің синтаксисі ырғақпен ішкі тонның буындай үйлесімдікте, яғни ақын поэзиялық әрі музыкалық ырғаққа негізделген. Мұндағы тармақтар 3 бунақты 11-12 буыннан түзілген. Бір тармақтан кейін үйлесім тауып отырған "мыз" буын қайталауы арқылы сөздің эмоционалдық, көркемдік мазмұнын, ырғағын күшейтіп, мақамын ерекшелеп тұр. Ақын "мыз" буын қайталауына екпінін түсіріп, бірінен кейін бірін үдете жырлап, ерекше екпінмен, өзіне тән өлең ырғағын, қалыптастырады. Бұл айтыс жыр ұйқасына құрылған. Қазақ өлеңтану ғылымында осылайша атау оның табиғатын толық сипаттайды дейтін пікір бар. "Өйткені мұндағы өзгешелік ұйқасты ұзақ тізумен ғана шектелмейді, әрі бір ұйқаспен келетін түйдектер жырдағы ең көп кездесетін түр де емес. Жиі, мол қолданылатын ұйқас бұдан басқашалау болып келеді. Оны желілі не болмаса өзекті деуге болады. Өлең тармақтарының үйлесімін туғызудың бұл тәсілі басты ұйқасқа жанама ұйқастарды қосарлап отыру арқылы жасалады" [8, 157].

ҚОРЫТЫНДЫ

Б.Әлімжанов айтыстарындағы мыңдаған тармақтардағы буын саны біркелкі тізіліп, ұйқасқа негізделеді. Өлеңтану ғылымының қағидасы бойынша, ұйқас орналасуына қарай кара өлең ұйқасын, егіз ұйқас, кезекті ұйқас, қаусырма ұйқас, ерікті ұйқас түрлерін пайдаланған. Мұның бәрі ақындық интуиция, зейінінің арқасында шығармашылықпен игеріліп, жаңа қырынан жайнап құлпырады.

Сонымен, ақындық қуат, өнер аясындағы осындай қымбат қасиеттер Б.Әлімжановтың айтыстарында толығымен бой көрсеткен. Әсіресе, тәуелсіздік шағындағы өмір шындығы, Қазақстан мемлекетін барынша өркендету, жетілдіру саласындағы қажырлы істері, адал ниетті адамзат атаулының игі мұраттар жолындағы еңбегін шынайы бейнелеу тән. Айтыстағы ақынның өзіне тән мақамы, әні мен ажары, көркі мен келісімі, ырғақ үні мен дыбыс үйлесімі, ұйқас өрімі мен интонациялық өрнегі жарқырап көрінеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған АР19574645 «Қазіргі айтыстың типологиясы мен поэтикасы» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Благой Д.Д. Мысль и звук в поэзии.- В кн: Славянские литературы. – М., 1973. – 551 с.
- 2 Әлімжанов Б. Алаш пен Манас. – Новосибирск: 2004. –398 б.
- 3 Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. – М.:Просвещение, 1976. – 448 с.
- 4 Экспериментально-фонетические исследования речи. – Минск, 1969. Вып.2. – 278 с.
- 5 Блок А.А. Собрание сочинения. – Ленинград: Худ. лит., 1983, – Т. 6. – 421 с.
- 6 Кравцов Н.И. Проблемы славянского фольклора. – М., 1973. – 363 с.
- 7 Қабдолов З.Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 377 б.
- 8 Мещеряков С.Н. Гармония и гармонические развитие. – Ленинград: Изд. МГУ, 1976. – 279 с.

REFERENCES

- 1 Blagoi D.D. *Mysl i zvuk v poezii* [Thought and Sound in Poetry] (M., 1973).
- 2 Älimjanov B. *Alaş pen Manas* [Alash and Manas] (Novosibirsk, 2004).
- 3 Timofeev L.İ. *Osnovy teorii literatury* [Fundamentals of literary theory] (M.:Prosveşenie, 1976).
- 4 *Eksperimentälno-foneticheskie issledovania rechi* [Experimental phonetic studies of speech] (Minsk, 1969).
- 5 Blok A.A. *Sobranie sochinenii* [Collected works] (Leningrad: Hud. lit., 1983).
- 6 Kravsov N.İ. *Problemy slavänskogo föklora* [Problems of Slavic folklore] (M., 1973).
- 7 Qabdolov Z. *Ädebit teoriasynyñ negizderi* [Fundamentals of literary theory] (Almaty: Mektep, 1970).
- 8 Meşeräkov S.N. *Garmonia i garmonicheskie razvitie* [Harmony and harmonic development] (Leningrad: İzd. MGU, 1976).

Материал 20.06.2023 баспаға түсті

Поэтический лад современного айтыса (на основе айтысов Б. Алимжанова)

Г.Т. Тлеубердина¹, Қ.И. Тастемір¹, Б.С. Рахымов², Г.Т. Батыргалиева¹

¹НАО «Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова», г.Кокшетау, 020000. Республика Казахстан

²НАО «Карагандинский университет имени Е.Букетов», г.Караганда, 040000, Республика Казахстан

Статья отображает специфический поэтический лад, мотив и напев, гармонию ритма и звучности, отношение рифмованности и интонационной выраженности в поэтических произведениях поэта-айтыскера, поэта, композитора, драматурга, манасчи Б. Алимжанова. Цель статьи изучение языковой природы современного айтыса, запаса слов, мелодичности стихов, сочетаемости слов. Также необходимо определить экспрессивно-смысловую выразительность айтыса. Статья описывает приемы сочетания ритмической и интонационной выраженности стихов, словесного мастерства народных поэтов на основе стихов айтыса Б. Алимжанова, признанного представителя современного айтыса. Статья написана в рамках проекта АР19574645 «Типология и поэтика современного айтыса», который реализуется при грантовом финансировании министерства ЖСБ РК на 2023-2025 годы.

Ключевые слова: айтыс, поэт, стих, ритм, слог, поэтический лад, созвучность, Алимжанов, типология, поэтика.

Материал поступил в редакцию журнала 20.06.2023

Modern poetic mode of aitys (based on B. Alimzhanov's aitys poetry)

G.T.Tleuberdina¹, K.I. Tastemir¹, B.S.Rakhymov², G.T.Batyrgalieva¹

¹NAO "Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov", Kokshetau, 020000. The Republic of Kazakhstan

²NAO "E.Buketov Karaganda University", Karaganda, 040000, Republic of Kazakhstan

The article reflects the specific poetic mastery of mode, motif and melody, the harmony of rhythm and sonority, the relationship of rhyme and intonational expression in the poetic works of the aitys-poet, poet, composer, playwright, manashi B.Alimzhanov. The purpose of the article is to study the linguistic nature of modern aitys, the variables of word choice, the melodiousness of verses, and the compatibility of words. It is also necessary to determine the expressive and semantic

expressiveness of aitys. The article describes the methods of combining the rhythmic and intonational expression of verses, the verbal skill of folk poets based on the poems of Aitys B. Alimzhanov, a recognized representative of modern Aitys. The article was written within the framework of the AP19574645 project "typology and poetics of modern aitys", which is implemented with grant funding from the Ministry of Housing and Communal Services of the Republic of Kazakhstan for 2023-2025.

Keywords: aitys, poet, verse, rhythm, syllable, poetic mode, sonority, Alimzhanov, typology, poetics.

Received: 20.06.2023

MFTAP 17.07.51

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp70-77](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp70-77)

М. Аманғазықызы¹, М.С. Оразбек²

¹PhD, доцент, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0001-8027-0673>. E-mail: moldir_amangazykyzy@mail.ru.

²ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-0703-3142>. E-mail: makpal_zere@mail.ru.

«ҚАЛАЛЫҚ МӘТІН» ТЕРМИНІ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫНЫҢ РАКУРСТАРЫ

«Қалалық мәтін» ұғымы кешенді әрі көпқырлы болғандықтан күні бүгінге дейін ғылымда бұл терминнің нақты анықтамасы қалыптаспаған. Аталған мақалада әдебиеттегі урбанизм, қалалық мәтіннің көркем кодтары (табиғи және мәдени бейнелер, уақыт пен кеңістікті, олардың шектілігі пен созылыңқылығын бейнелеу тәсілдері, адамдардың тегі мен аттары, топонимдер, метабейнелеу элементтері, жалпы лексикалық-ұғымдық сөздік), қалалық мәтіндегі хронотоп мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар қалалық мәтінде концепт, мотивтер мен сюжеттердің бірлікте қарастырылатындығы ғылыми зерттеулермен дәйектелген. Зерттеудің әдіснамасы ретінде Н.П. Анциферов, Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров, К. Линч, Н.В. Шмидт, Н.А. Кожевникова, Н.В. Корниенко, М.А. Селеменова, Н.Д. Арутюнова және т.б. ғалымдардың еңбектері негізге алынған. Сондай-ақ, әдеби шығарманың көркемдік әлеміндегі қалалық мәтін мен қалалық дискурс ұғымдарының арақатынасы мәселесі де айқындалған. Себебі урбанистік дискурста дүниеге келіп, соның нәтижесі болып табылатын қала мәтіні онымен құрылымында көрінетін сабақтас байланыста болады деп айқындалған.

Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдарды жоғары оқу орындарында әдебиет теориясы мен поэтикасы сияқты теориялық курстарды оқытуда, арнаулы курстар мен семинарларда, қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың қалыптасуын зерттеуде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: қалалық мәтін, дискурс, урбанистика, қала, қалалық мәтін компоненттері.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Әлемдік ғылымда ХХ-ХХІ ғасырлар тоғысында қаланы зерттеу тарих, мәдениеттану, элеуметтану, филология мен басқа да гуманитарлық ғылымдар саласында өзекті мәселеге айналды. Әсіресе әдебиеттану ғылымында көркем шығармадағы қала бейнесінің суреттелуі ғалымдардың назарын ерекше аударды. Соның нәтижесінде әдебиеттануда «қала бейнесі», «қалалық проза», «қалалық мәтін», «қала кейіпкерлері», «қалалық менталитет», «қала